


4796662

# Prestigio



## **LCD LED ТЕЛЕДИДАРЛАРЫ**

**PTV24SN04Z CIS BK  
PTV24SN04Z CIS WH  
PTV24SN05Z CIS BK  
PTV24SN05Z CIS WH  
PTV32SN04Z CIS BK  
PTV32SN04Z CIS ML  
PTV32SN05Z CIS BK  
PTV40SN04Y CIS BK  
PTV40SN05Y CIS BK  
PTV43SN04Y CIS ML  
PTV43SN05Y CIS BK**

## **ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**

## МАЗМҰНЫ

|                                                       |    |
|-------------------------------------------------------|----|
| <b>КІРІСПЕ</b> .....                                  | 3  |
| САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫМДАР .....                         | 3  |
| ТЕЛЕДИДАРДЫ САТУ КЕЗІНДЕГІ ЖҰМЫСТАР ТІЗБЕСІ .....     | 4  |
| САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ .....                                 | 4  |
| ӨРТ ҚАУПСІЗДІГІ .....                                 | 5  |
| <b>ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ</b> .....                 | 6  |
| НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ .....                            | 6  |
| ҚОСЫМША ПАРАМЕТРЛЕРІ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ .....          | 8  |
| ЖИЫНТЫҚТАЛЫМЫ .....                                   | 9  |
| <b>ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР</b> .....      | 10 |
| КОЛДАНУҒА ДАЙЫНДЫҚ .....                              | 10 |
| КҮТІМ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМДАР .....                 | 10 |
| ҚАБЫРҒАҒА ОРНАТУ .....                                | 10 |
| ТЫҒЫРЫҚТЫ МОНТАЖДАУ .....                             | 11 |
| ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ ПУЛЬТІ .....                      | 12 |
| БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚОСУ ОРГАНДАРЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫ ..... | 15 |
| <b>ТЕЛЕДИДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ</b> .....                    | 16 |
| СЫРТҚЫ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ҚОСУ .....                        | 16 |
| АНТЕННАНЫ ТЕЛЕДИДАРҒА ҚОСУ .....                      | 17 |
| ТЕЛЕДИДАРДЫ БАСТАПҚЫ ТЕҢШЕУ .....                     | 18 |
| ТЕЛЕДИДАР АРНАЛАРЫН ІЗДЕУ .....                       | 18 |
| БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТАҢДАУ .....                          | 18 |
| МОНИТОР РЕЖИМІНДЕГІ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ .....               | 19 |
| «АРНА» МӘЗІРІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕҢШЕУЛЕР .....            | 20 |
| «КЕСКІН» МӘЗІРІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕҢШЕУЛЕР .....          | 22 |
| «ДЫБЫС» МӘЗІРІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕҢШЕУЛЕР .....           | 22 |
| «УАҚЫТ» МӘЗІРІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕҢШЕУЛЕР .....           | 23 |
| «БҰҒАТТАУ» МӘЗІРІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕҢШЕУЛЕР .....        | 24 |
| «ТЕҢШЕУЛЕР» МӘЗІРІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕҢШЕУЛЕР .....       | 24 |
| <b>ПАЙДАЛЫ КӨРУ ФУНКЦИЯЛАРЫ</b> .....                 | 25 |
| БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ КЕСТЕСІ (EPG) .....       | 26 |
| СЫРТҚЫ ТАСЫҒЫШТАРДАН ОЙНАТУ .....                     | 26 |
| МӨТІНДІК АҚПАРАТТЫ ҚАБЫЛДАУ .....                     | 27 |
| БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ЦТВ РЕЖИМІНДЕ ЖАЗУ .....              | 27 |
| <b>ҚОСЫМША АҚПАРАТ</b> .....                          | 29 |
| БОЛУЫ МҮМКІН ЖАРАМСЫЗДЫҚТАР .....                     | 29 |
| ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ .....                      | 30 |

## КІРІСПЕ

### Құрметті пайдаланушы!

Біздің теледидарды сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біздің өнімнің сіздің барлық талаптарыңызға сәйкес келеді және сізге ұзақ уақыт қызмет етеді деп үміттенеміз.

Бұйымды қосар және пайдаланар алдында осы нұсқаулықпен мұқият танысып шығыңыз. Бұл нұсқаулық Сізге теледидарды теңшеуге және оны пайдалана бастауға жәрдемдеседі. Алдағы уақытта жұмыс жасау үшін нұсқаулықты сақтап қойыңыз.

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулық техникалық шарттардың талаптарына сәйкес келетін PRESTIGIO PTV24SN04Z\_CIS\_BK, PTV24SN04Z\_CIS\_WH, PTV24SN05Z\_CIS\_BK, PTV24SN05Z\_CIS\_WH, PTV32SN04Z\_CIS\_BK, PTV32SN04Z\_CIS\_ML, PTV32SN05Z\_CIS\_BK, PTV40SN04Y\_CIS\_BK, PTV40SN05Y\_CIS\_BK, PTV43SN04Y\_CIS\_ML, PTV43SN05Y\_CIS\_BK, модельді теледидарларға қолданылады.

Теледидарлар пайдаланудағы қауіпсіздік жағдайлары бойынша MEMCT 18198-89 Теледидарлар стандарты бойынша II сыныпты қорғаныш талаптарына сай келеді. Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта берілген кескіндер тек түсіндірме мақсаттар үшін қолданылады және нақты бұйымдардан өзгеше болуы мүмкін. Иллюстрациялар модельге байланысты өзгеруі мүмкін.

### САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫМДАР

Теледидарды сатып алған кезде оны құрылымында, қаптамасында механикалық зақымдардың жоқтығын, жұмыс істейтінін, қорғаныш стикердің сақталғанын, жеткізу жиынтығының осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «ЖИЫНТЫҚТАЛЫМ» бөліміне сәйкестігін тексеріңіз.

**Ескертпе.** Жұмыс істеуін тексеру сатушының міндеті болып табылады.

Жөндеу ұйымдары тізбесінің, кепілдік талондары және жыртылатын талондардың, қосымша тегін қызмет көрсетуге арналған талонның барын және олардың толтырылу дұрыстығын тексеріңіз.

Кассалық чекті, пайдалану жөніндегі нұсқаулықты, кепілдік талондары мен қосымша талондарды кепілдік мерзімі аяқталғанға дейін сақтап қою қажет.

Дайындаушының қаптамасында тасымалдау кезінде теледидардың зақымдануын болдырмау үшін сақтық шараларын сақтаған жөн: - кенеттен дүмпуден және құлап кетуден қорғау;

– жаңбырда немесе ылғалды қарда ұзақ уақыт болуға жол бермеу; - қорапқа ауыр заттарды қоймау.

Кескін мен дыбыстық сүйемелдеудің сапасы өте жақсы болу үшін теледидарыңызды кабельдік немесе жерсеріктік теледидарлық жүйесіне қосыңыз.

Теледидарға қоса берілетін құжаттама жоғалған кезде жаңартылмайды.

## ТЕЛЕДИДАРДЫ САТУ КЕЗІНДЕ ОРЫНДАЛАТЫН ЖҰМЫСТАР ТІЗІМІ

1. Қаптаманың тұтастығын тексеру арқылы теледидарды ашыңыз.
2. Пайдалану нұсқаулығының "ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ" бөліміне сәйкес теледидардың жиынтықтылығын тексеру.
3. Кепілдік құжаттардың дұрыс толтырылуын тексеру: теледидардың нөмірін теледидардың кепілдік талонында көрсетілген нөмірмен салыстыру, қаптамасында стикердің болуын тексеру.
4. Теледидарды антенна мен желіге қосыңыз.
5. Теледидарды осы аймақта қабылданған барлық теледидар бағдарламаларына орнатыңыз, сурет пен дыбыстың оңтайлы мәндерін орнатыңыз және оларды теледидар жадына жазыңыз.
6. Теледидардың барлық функцияларын, пайдалану нұсқаулығына сәйкес тұтынушылық параметрлерді тексеріңіз, соның ішінде барлық сыртқы қосқыштардың жұмысын және телемәтіннің жұмысын тексеріңіз.
7. Теледидарды жинаңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** Бұл жұмыстардың орындалуы теледидардың кепілдік талонында сатушының (орындаушының) қолымен расталады және жөндеу деп есептелмейді.

### САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Электр тогының ұруын, өртті, зақымдануды және жарақаттануды болдырмау үшін төменде берілген сақтық шараларын сақтаңыз:

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: АБАЙ БОЛҢЫЗ! ТЕЛЕДИДАРДА ӨМІРГЕ ҚАУІПТІ КЕРНЕУЛЕР БАР!**

Теледидарыңыздың қаптамасында берілген белгілер мынаны білдіреді: 

«**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ҚАУІПТІ КЕРНЕУ!**» дегенді білдіреді.

- Теледидардың қапқактарын шешпеңіз және оған өз бетіңізше модификация жасамаңыз, өйткені кернеуде тұрған құрылғының ішкі бөліктерімен контакт болған кезде электр тогының ұруы мүмкін. Ішінде пайдаланушының қызмет көрсетуіне арналған бөлшектер жоқ.
- Құрылғыға сервистік қызмет көрсетуді білікті персонал жүзеге асыруы тиіс. Құрылғыға қызмет көрсету кез келген зақым келген жағдайда қажет етіледі.
- Бұл теледидарды 220-240 В, 50/60 Гц айнымалы токтағы электр қуатын беру көзіне қосқан жөн. Теледидарды қосқан кезде штепсельді ашаны розеткаға толығымен тығыңыз. Егер аша розеткаға толық кірмесе, ескірген розетканы ауыстыру туралы электрикке хабарласыңыз.

Ашаны розеткадан суырған сәттен бастап 2 секунд ішінде теледидардың желілік ашасының істіктеріне қол тигізуге тыйым салынады.

- Егер сіз үй-жайдан ұзақ уақытқа шығып кетсеңіз, қауіпсіздік қағидаларын сақтау мақсатында, сондай-ақ қызмет ету мерзімін арттыру үшін теледидарды кезекші режимде қалдырмаңыз. Теледидарды толығымен сөндіру үшін желілік ашаны розеткадан суырыңыз.
  - Найзағай жақындаған кезде теледидарды сөндіріп, желілік ашаны розеткадан суырып, антеннаны теледидардан ағыту қажет.
  - Егер сіз жеке сыртқы антеннаны пайдалансаңыз, ол сенімді түрде жерге тұйықталуы тиіс. Жерге тұйықтау тәсілі жөніндегі ұсынымдарды жақын маңдағы жөндеу кәсіпорнынан алуға болады.
  - Құлаққаптан тым қатты дыбыс шығармаңыз. Бұл есту қабілетінің біржола зақымдануына әкелуі мүмкін.
- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Телехабарлардың дыбыстық сүйемелдеуін дыбыс қаттылығының деңгейі орташа жағдайда тыңдау ұсынылады.**
- ҚБ пультіне сұйықтықтың тамып кетуіне жол бермеңіз және оның үстіне дымқыл заттарды қоймаңыз. ҚБ пультін жылу көзінен (оттан), күн сәулесінен немесе осы тектес көздерден шамадан тыс қызуына жол бермеңіз, оны ылғалдылығы жоғары жерлерде қалдырмаңыз. ҚБ пультін құлатып алмаңыз және сілкімеңіз.

## **ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ**

Теледидарды пайдалану кезінде төмендегі өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау қажет:

- теледидарды тез тұтанатын және от тарататын заттарға, сондай-ақ жылу режимі бұзылған және нашар салқындатылатын жылыту аспаптарына жақын жерге орнатпаңыз. Қаптамадағы желдеткіш тесіктерді газет, дастархан, перде және т.с.с. заттармен жауып тастамаңыз;
- теледидарды жақсы желдетілетін жерге қойыңыз;
- теледидарға немесе оның бетіне сұйықтықтың тамып кетуіне жол бермеңіз;
- қосылған теледидарды қараусыз қалдырмаңыз. Жас балалардың теледидарды өз бетінше қосу мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларды қамтамасыз етіңіз.

Егер басқару органдары зақымданған немесе теледидар жарамсыз болса (кескін көрінбейді, ызылдаған дыбыс естіледі және т.с.с.), иіс немесе түтін шыққан кезде **теледидарды дереу желіден ажыратып**, жөндеу кәсіпорнының маманын шақырыңыз.

**ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН: ЖОҒАРЫДА АТАЛҒАН ҚАҒИДАЛАРДЫҢ БІРІН ЕЛЕМЕУ ТЕЛЕДИДАРДЫҢ ҚЫЗЫП КЕТУІНЕ, ІСТЕН ШЫҒУЫНА ӘКЕЛУІ МҮМКІН!**

## ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Теледидарлар МОРТ (D/K) және МККР (B/G, L) хабар тарату стандарттары бойынша теледидарлық хабарларының, DVB-C, DVB-T, DVV-T2 стандарттары бойынша SECAM, PAL түрлі-түсті теледидар жүйелерінің, DVV-S/S2 стандартындағы жерсеріктік хабар тарату жүйелерінің радиосигналдарын қабылдауға және кескіндерін жаңғыртуға және дыбыстық сүйемелдеуге арналған. Теледидарды компьютерден VGA және HDMI жалғағыштары арқылы кескінді жаңғырту үшін пайдалануға болады.

### ТЕЛЕДИДАРЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ТЕХНИКАЛЫҚ ПАРАМЕТРЛЕРІ:

1-кесте

| Параметрлері                                                | PTV24SN04Z CIS BK                                                                  |     | PTV32SN04Z CIS BK |  |
|-------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|-----|-------------------|--|
|                                                             | PTV24SN04Z CIS WH                                                                  |     | PTV32SN04Z CIS ML |  |
|                                                             | PTV24SN05Z CIS BK                                                                  |     | PTV32SN05Z CIS BK |  |
|                                                             | PTV24SN05Z CIS WH                                                                  |     |                   |  |
| Қуат беру кернеуі                                           | ~220-240 В,50/60Гц                                                                 |     |                   |  |
| Күту режиміндегі тұтынатын қуаты, Вт, ең көп дегенде        | 0,5                                                                                |     |                   |  |
| Тұтынатын қуаты, Вт                                         | 36                                                                                 |     | 56                |  |
| Жұмыс режимінің меншікті қуаты, Вт/см2, ең көп дегенде      | 0,024                                                                              |     | 0,020             |  |
| Жылдық энергия тұтыну, кВт/сағ / жыл                        | 35                                                                                 |     | 44                |  |
| Антенна кірісі                                              | 75 Ом, коаксиалды                                                                  |     |                   |  |
| Кескін мен дыбыстың қабылданатын стандарттары               | DVB-C, DVB-T, DVB-T2, DVB-S2, PAL, SECAM, NTSC, NICAM/A2, D/K, B/G, MPEG-1, MPEG-2 |     |                   |  |
| LCD панелі:                                                 | 16:9                                                                               |     |                   |  |
| - жақтарының арақатынасы                                    |                                                                                    |     |                   |  |
| - экран өлшемі, см (дюйм)                                   | 60 (24)                                                                            |     | 81 (32)           |  |
| - экранның көрінетін аумағы, мм, кем дегенде                | 521x293                                                                            |     | 697x392           |  |
| - ажыратымдылық, пиксель                                    | 1366*768                                                                           |     |                   |  |
| - көлденен/тік жазықтықтағы шолу бұрышы, град., кем дегенде | 178/178                                                                            |     |                   |  |
| - жарықтығы, кд/м2, кем дегенде                             | 200                                                                                | 220 |                   |  |
| - түстер кереғарлығы, кем дегенде                           | 3000:1                                                                             |     |                   |  |
| - дыбыс беру, мс, кем дегенде                               | 8,5                                                                                | 8   |                   |  |
| Сыртқы жалғағыштар                                          | Headphone 3.5мм, USB, CI, AV , COAXIAL, RF, HDMI, PC AUDIO, VGA                    |     |                   |  |
| Дыбыстың максималды шығу қуаты, Вт, кем дегенде             | 2x3                                                                                |     | 2x8               |  |
| Габариттік өлшемдері, мм, ең көп дегенде                    | 551*203.8*377.2 554x169x367                                                        |     | 732*192*480       |  |
| Салмағы, кг, ең көп дегенде                                 | 2.5                                                                                |     | 3.6               |  |

| Параметрлері                                                | PTV40SN04Y CIS BK                                                                  | PTV43SN04Y CIS ML |
|-------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|
|                                                             | PTV40SN05Y CIS BK                                                                  | PTV43SN05Y CIS BK |
| Қуат беру кернеуі                                           | ~220-240 В, 50/60Гц                                                                |                   |
| Күту режиміндегі тұтынатын қуаты, Вт, ең көп дегенде        | 0,5                                                                                |                   |
| Тұтынатын қуаты, Вт                                         | 70                                                                                 | 70                |
| Жұмыс режимінің меншікті қуаты, Вт/см2, ең көп дегенде      | 0,016                                                                              | 0,014             |
| Жылдық энергия тұтынуы, кВт·сағ./жыл                        | 64                                                                                 | 73                |
| Антенна кірісі                                              | 75 Ом, коаксиалды                                                                  |                   |
| Кескін мен дыбыстың қабылданатын стандарттары               | DVB-C, DVB-T, DVB-T2, DVB-S2, PAL, SECAM, NTSC, NICAM/A2, D/K, B/G, MPEG-1, MPEG-2 |                   |
| LCD панелі:                                                 | 16:9                                                                               |                   |
| - жақтарының арақатынасы                                    |                                                                                    |                   |
| - экран өлшемі, см (дюйм)                                   | 100(40)                                                                            | 109 (43)          |
| - экранның көрінетін аумағы, мм, кем дегенде                | 878x485                                                                            | 930x523           |
| - ажыратымдылық, пиксель                                    | 1920*1080                                                                          |                   |
| - көлденең/тік жазықтықтағы шолу бұрышы, град., кем дегенде | 178/178                                                                            |                   |
| - жарықтығы, кд/м2, кем дегенде                             | 250   250                                                                          |                   |
| - түстер кереғарлығы, кем дегенде                           | 3000:1                                                                             |                   |
| - дыбыс беру, мс, кем дегенде                               | 8,5   8                                                                            |                   |
| Сыртқы жалғағыштар                                          | Headphone 3.5мм, USB, CI, AV, COAXIAL, RF, HDMI, PC AUDIO, VGA                     |                   |
| Дыбыстың максималды шығу қуаты, Вт, кем дегенде             | 2x8                                                                                | 2x10              |
| Габариттік өлшемдері, мм, ең көп дегенде                    | 903.4*207.2*565.2                                                                  | 970*610*208       |
| Салмағы, кг, ең көп дегенде                                 | 5.7                                                                                | 6.5               |

1-кестеде берілген техникалық сипаттамалар анықтамалық болып табылады және шағымдар үшін негіз бола алмайды. Техникалық сипаттамалар бұйымның модификациясына байланысты берілгендерден өзгеше болуы мүмкін.

#### **Пайдалану шарттары:**

- жұмыс температурасы 10-нан плюс 35°C-қа дейін;
- жұмыс ылғалдылығы ең көп дегенде 80% (25°C температурада);
- атмосфералық қысымы 86 кПа-дан 106 кПа-ға дейін (650 мм сын.бағ.-нан 800 мм сын.бағ.-на дейін).

#### **ҚОСЫМША ПАРАМЕТР.ЛЕРІ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ**

- Қашықтықтан басқару пультінің (бұдан әрі – ҚБ пульті) көмегімен теледидардың әртүрлі функцияларын басқару.
- Мәзір жүйесі теледидардың барлық функцияларын қолайлы басқаруды қамтамасыз етеді.
- HDMI, USB, VGA (D-SUB), VGA AUDIO IN, AV (mini), SCART, CI slot, COAXIAL out, EARPHONE типтегі жалғағыштар арқылы әртүрлі сыртқы құрылғыларды (видеомагнитофон, видеотіркеме, DVD дискілерді ойнатқыш, компьютер, флэш-жады бар сыртқы құрылғылар) қосу.
- MPEG-2 MP@HL, MPEG-4 AVC/H.264 форматтағы DVB-S2/DVB-T/DVB-T2/DVB-C стандартты цифрлық жерүсті/кәбілдік/жерсеріктік теледидар (бұдан әрі мәтін бойынша ЦТВ немесе DTV) бағдарламаларын қабылдау.
- DVB-S/DVB-S2 стандартты жерсеріктік теледидар бағдарламаларын қабылдау.
- Әртүрлі форматтағы мультимедиа файлдарды жаңғырту.
- Теледидардың тиімді қуаттау схемасы қуат кернеуі 100-дан 240 В-қа дейінгі шектердегі өзгерген кезде қосымша сыртқы тұрақтандыру құрылғыларын қажет етпейді.
- Сигналды басқару және өңдеу процессоры:
  - ◆ бағдарламаларды аналогтық теледидарлық (бұдан әрі мәтін бойынша АТВ немесе ATV) 42,25 МГц - 866,0 МГц диапазондарында және цифрлық теледидарының 474,0 МГц - 858,0 МГц (DVB-T2/ DVB-T), 114,0 МГц - 858,0 МГц (DVB-C) диапазондарында алдын ала теңшеуді;
  - ◆ теледидарлық арналарды автоматты түрде іздеуді;
  - ◆ теледидарлық арналарды колмен іздеуді;
  - ◆ арнаға дәл теңшеуді;
  - ◆ бағдарламаларды сұрыптауды;
  - ◆ мәзір тілін таңдауды;
  - ◆ берілген уақыт аралығынан кейін немесе теледидарлық сигналы жоғалғаннан кейін теледидарды кезекші режимде сөндіруді;
  - ◆ дыбысты қосу / өшіруді;
  - ◆ таңдалған екі бағдарламаның біреуін кезекпен қосуды;
  - ◆ көру форматын таңдауды;
  - ◆ кескіннің бекітілген алдын ала орнатылымдарын және бір пайдаланушы бағдарламасын;
  - ◆ дыбыстың бекітілген алдын ала үш орнатылымын және бір пайдаланушы бағдарламасын;
  - ◆ бағдарламаларды бұғаттауды;
  - ◆ ата-аналық бақылау түрлі-түсті теледидарлық (бұдан әрі – ЦТВ) режимінде қолжетімді;
  - ◆ флеш-картаға (ЦТВ режимінде) жазу;
  - ◆ мәтіндік ақпарат (бұдан әрі телемәтін) қабылдауды;
  - ◆ құлаққаптарды қосуды;
  - ◆ компьютерге қосуды қамтамасыз етеді.

## ЖИЫНТЫҚТАЛЫМЫ

|                                     |           |
|-------------------------------------|-----------|
| Теледидар .....                     | 1 дана    |
| Қашықтықтан басқару пульті .....    | 1 дана    |
| Пайдалану жөніндегі нұсқаулық ..... | 1 дана    |
| Кепілдік талоны .....               | 1 дана    |
| Қуаттау элементтері .....           | 2 дана    |
| Тірек .....                         | 2 дана    |
| Жеке ыдыс .....                     | 1 жиынтық |

## ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАЛПЫ НҰСҚАУЛАР ҚОЛДАНУҒА ДАЙЫНДАУ

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** теледидарды электр желісіне қоспас бұрын осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың «САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ» бөлімінде берілген электр және өрт қауіпсіздігі шараларымен танысып шығу қажет!

Корпуста, қаптамада және СК панелінің экранында зақымдардың жоқтығына алдын ала көз жеткізіңіз. Зақымдар анықталған жағдайда теледидарды пайдалануға жол берілмейді.

Теледидарды суық бөлмеде сақтағаннан кейін немесе қыста тасымалдағаннан кейін оны қаптамадан шығарғаннан кейін бөлме температурасында 4 сағат ұстаған соң желіге қосуға болады.

Теледидарды мынадай реттілікпен ашыңыз:

- қаптамадағы теледидарды еденге қойыңыз;
- қаптаманың үстіңгі бетінен өздігінен жабысатын лентаны алып тастаңыз;
- қаптаманы ашып, үстіңгі амортизатор ішпектерді алып тастаңыз;
- қаптамадан теледидарды, тіректі абайлап шығарыңыз;
- теледидарды беті тегіс, таза әрі жұмсақ жерге бет жағымен көлденеңінен қойыңыз.

Теледидарды орнын ауыстыру кезінде желілік баусым мен сыртқы жалғағыштарды ағытыңыз.

## КҮТІМ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМДАР

- Теледидарды тазалар алдында желілік баусымның ашасын розеткадан суыру қажет.
- Корпусты жұмсақ, сәл дымқыл матамен, содан соң құрғақ матамен тазалаңыз. Экранның кірін кетіру үшін СК панеліне күтім жасауға арнайы жасалған сулықтар мен спрейді пайдаланыңыз.
- Еріткіштерді немесе бензинді пайдалануға қатаң тыйым салынады, өйткені олар СК панельдің бетін зақымдайды.
- СК панельдің экраны электрлік және физикалық әсерлерге сезімтал. СК панелінің бетіне күш салуға жол бермеңіз. Бұл экранда ашық немесе қара дақтардың пайда болуына әкеледі.
- СК панельдің қызмет ету мерзімін ұзарту үшін, егер теледидарды пайдаланбайтын болсаңыз, оны сөндіріп қойыңыз.
- СК панельдің бетін тырнамаңыз немесе тықылдатып ұрмаңыз, себебі бұл оны зақымдауы мүмкін.

## ТЕЛЕДИДАРДЫ ҚАБЫРҒАҒА ОРНАТУ

Теледидарды қабырғаға бекіту кезінде қабырғаға бекітікішпен бірге жеткізілетін құжаттамадағы нұсқауларды (жиынтыққа кірмейді) ұстаныңыз. Теледидарды қабырғаға орнатуды маман орындауы тиіс.

**Ескертпе:** қабырғаға бекіту теледидардың салмағынан 5 есе көп салмаққа төтеп беруі тиіс. Бекіту бұрандаларының өлшемі қабырғалық тіреуіштің үлгісіне қарай өзгеруі мүмкін.

Қабырғаға орнатуға арналған жиынтық VESA стандартына сәйкес келуі тиіс.

Барлық 4 (төрт) бұранданың бұрамасы қабырғалық бекіткішке және теледидар корпусының артқы бөлігіне кіруі тиіс.

Теледидарды қабырғаға немесе төбеге орнату бөлек сатып алынатын стандартты тіреуіштің көмегімен жүзеге асырылады.

Қабырғалық тіреуішті бекітуге арналған VESA өлшемдері:

- 100x100мм - диагоналы 24” ТД арналған,
- 200x100 мм - диагоналы 32” және 40” ТД арналған,
- 200x200 мм - диагоналы 43” ТД арналған,

#### **ЕСКЕРТПЕ:**

1.Теледидардағы монтаждық бекіткіш VESA стандартына сәйкес келеді.


2.Тіреуішті қабырғаға пайдалану міндетті емес.

3.Қабырғаға жақын және қабырғаның алдында құрастыру жұмыстарын жүргізу кезінде басқа заттар болмауы

тиіс. 4.Орнатуды білікті маман жүзеге асыруы тиіс. 5.Орнату кезінде тіреуішті құрастыру жөніндегі нұсқаулықтың талаптарын сақтаңыз.

#### **ТЫҒЫРЫҚТЫ МОНТАЖДАУ**

1. Қорапты ашып, теледидарды жиынтықтауыштарымен бірге шығарыңыз.
2. Теледидарды бүлдіруге жол бермеу үшін үстел бетін жұмсақ матамен жабыңыз, теледидарды үстелге экранын төмен қаратып қойыңыз.
3. Аяқтарын құрылғының корпусындағы тиісті тесіктерге сырт еткенше немесе жиынтық бұрандаларымен бекітіп салыңыз
4. Орнату дайын.




**Ескертпе:** Суреттер анықтама үшін берілген.

## ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ ПУЛЬТІ


2-кесте

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>POWER:</b> ТД-ны қосу немесе ТД-ны күту режиміне ауыстыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>MUTE:</b> дыбысты өшіру. Дыбысты қосу үшін тағы бір басыңыз немесе VOL+ батырмасын басыңыз                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>0-9:</b> ТД көру кезінде арналарды таңдау үшін 0-9 батырмаларын басыңыз. Арналар 2 секундтан кейін ауысады. Сондай-ақ телемәтін режимінде арнаның нөмірін теруге болады.                                                                                                                                                                                            |
| <b>MTS :</b> NICAM режимдерін іздеу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>MENU:</b> мәзірді навигациялау                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>SOURCE:</b> басты мәзірді ашып, көздерді таңдау үшін басыңыз.                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <b>◀ ▶ ENTER:</b> жеке артықшылықтарға сәйкес мәзірді навигациялау және теңшеулер жүйесін реттеу                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <b>EXIT:</b> мәзірден немесе ішкі мәзірден шығу, белсенді функцияны жою (егер қолданылса).                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>DISPLAY:</b> арна туралы дереккөз бен ақпаратты көрсетеді                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>SUBTITLE:</b> ағымдағы цифрлық арнаның тілін көрсету және орнату                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>HOLD:</b> ағымдағы бетті көрсетуді тоқтата тұрады немесе жалғастырады.                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>TTX:</b> телемәтінді қосады және өшіреді                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>RECLIST:</b> жазылған тізімді көрсетеді                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>REC:</b> бағдарламалар жазу режимінде жазуды бастау                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>VOL+/-:</b> дыбыс қаттылығы деңгейін күшейтеді/азайтады                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>TV/RADIO :</b> арналарды көру кезінде радио мен ТД режимдері арасында ауысып қосылуға мүмкіндік береді                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>GUIDE:</b> 1. Телехабарлар гидін іске қосады. 2. Бағдарламалар жазу мен медиаплеер режимдері арасында тез ауысып қосылу                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>SUB.PG:</b> 1. Ішкі мәзірге өту үшін басыңыз. 2. Келесі тарау Бағдарламалар жазу мен медиаплеер режимдерінде.                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <b>CANCEL:</b> 1. Мәтін режимінде бетті таңдағанда, ол қолжетімді болғанға дейін біраз уақыт кетуі мүмкін, CANCEL батырмасын басу ТД режиміне қайтарады. Қажетті бет табылғаннан кейін экранның үстіңгі бөлігінен оның нөмірі көрінеді, мәтін режиміне оралу үшін CANCEL пернесін қайта басыңыз. 2. Бағдарламаларды немесе медиаплеерді жазу режиміндегі алдыңғы тарау |
| <b>INDEX:</b> 1. телемәтін режиміндегі көрсеткіш бет. 2. Бағдарламаларды жазу немесе медиаплеер режимінде жаңғырту функциясынан шығу.                                                                                                                                                                                                                                  |
| <b>SIZE:</b> телемәтін режимінде экранның өлшемін өзгертеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>REVEAL:</b> Жасырылған сөздерді көрсетеді немесе жасырады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>COLOR BUTTONS:</b> аналогтық арналарды ауыстырып қосу, цифрлық арналар мәзіріндегі бөлімдерді таңдау және цифрлық хабар тарату мәзірінде MHEG5 пайдалану.                                                                                                                                                                                                           |
| <b>CH+/CH-:</b> арналарды таңдау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>FAV/LIST:</b> сүйікті тізімді ашу, сүйікті тізімді таңдау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>ASPECT:</b> 1. Кескін масштабын таңдау. 2. Бағдарламаларды жазу және медиаплеер режимдерінде алдыға жылдам айналдыру                                                                                                                                                                                                                                                |



## PTV24SN04Z CIS WH үлгісі үшін

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>POWER:</b> ТД-ны қосу немесе ТД-ны күту режиміне ауыстыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>MUTE:</b> дыбысты өшіру. Дыбысты қосу үшін тағы бір басыңыз немесе VOL+ батырмасын басыңыз                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>0-9:</b> ТД көру кезінде арналарды таңдау үшін 0-9 батырмаларын басыңыз. Арналар 2 секундтан кейін ауысады. Сондай-ақ телемәтін режимінде арнаның нөмірін теруге болады.                                                                                                                                                                                            |
| <b>ATV/DTV:</b> цифрлық және аналогтық хабар тарату арасында ауысып қосылу                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>↺:</b> алдыңғы көріп отырған арнаға оралу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>S.MODE:</b> дыбыстың әртүрлі теңшеулері арасында ауысып қосылу                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>SLEEP:</b> теледидарды автоажырату уақытын таңдау                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>MTS :</b> NICAM режимдерін іздеу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>P.MODE:</b> кескін теңшеулері арасында ауысып қосылу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>MENU:</b> мәзірді навигациялау                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>SOURCE:</b> қосылған көздерді құрылғыларды таңдау                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <b>↵↵ ENTER:</b> жеке артықшылықтарға сәйкес мәзірді навигациялау және теңшеулер жүйесін реттеу                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| <b>EXIT:</b> мәзірден немесе ішкі мәзірден шығу, белсенді функцияны жою (егер қолданылса).                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>DISPLAY:</b> арна туралы дереккөз бен ақпаратты көрсетеді                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>VOL+/-:</b> дыбыс қаттылығы деңгейін күшейтеді/азайтады                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>TV/RADIO :</b> арналарды көру кезінде радио мен ТД режимдері арасында ауысып қосылуға мүмкіндік береді                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>GUIDE:</b> 1. Телехабарлар гидін іске қосады. 2. Бағдарламалар жазу мен медиаплеер режимдері арасында тез ауысып қосылу                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>SUBTITLE:</b> ағымдағы цифрлық арнаның тілін көрсету және орнату                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| <b>TIMESHIFT:</b> 1. DTV режиміндегі Time Shift функциясы. 2. жазылған эфирді медиаплеер арқылы ойнату.                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>CANCEL:</b> 1. Мәтін режимінде бетті таңдағанда, ол қолжетімді болғанға дейін біраз уақыт кетуі мүмкін, CANCEL батырмасын басу ТД режиміне қайтарады. Қажетті бет табылғаннан кейін экранның үстіңгі бөлігінен оның нөмірі көрінеді, мәтін режиміне оралу үшін CANCEL пернесін қайта басыңыз. 2. Бағдарламаларды немесе медиаплеерді жазу режиміндегі алдыңғы тарау |
| <b>INDEX:</b> 1. телемәтін режиміндегі көрсеткіш бет. 2. жазу режимінде немесе медиаплеерде жаңғырту функциясынан шығу.                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>SIZE:</b> телемәтін режимінде экранның өлшемін өзгертеді.                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>REVEAL:</b> жасырылған сөздерді көрсетеді немесе жасырады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>Түрлі-түсті батырмалар:</b> аналогтық арналарды ауыстырып қосу, цифрлық арналар мәзіріндегі бөлімдерді таңдау және цифрлық хабар тарату мәзірінде MHEG5 пайдалану.                                                                                                                                                                                                  |
| <b>CH+/CH-:</b> арналарды таңдау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| <b>FAV/LIST:</b> сүйікті тізімді ашу, сүйікті тізімді таңдау.                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| <b>ASPECT:</b> 1. Кескін масштабын таңдау. 2. Бағдарламаларды жазу және медиаплеер режимдерінде алдыға жылдам айналдыру                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>FREEZE:</b> Кескінді тоқтату/стоп кадр                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>SUB.PG:</b> 1. Ішкі мәзірге өту үшін басыңыз. 2. Келесі тарау Бағдарламалар жазу мен медиаплеер режимдерінде.                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <b>HOLD:</b> ағымдағы бетті көрсетуді тоқтата тұрады немесе жалғастырады.                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| <b>TTX:</b> телемәтінді қосады және өшіреді                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| <b>RECLIST:</b> жазылған тізімді көрсетеді                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <b>REC:</b> DTV цифрлық хабар таратылымын жазу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |




**Батарейкалар салу:**

ҚБП артқы панеліндегі батареялар бөлігінің қақпағын шешіп алыңыз, содан соң батареялар салатын бөлікке «+» және «-» белгілеріне сәйкес екі «AAA» типтік өлшемді екі батареяны салыңыз орнатыңыз. Ескі және жаңа батареяларды немесе әртүрлі типтік өлшемдегі батареяларды бір мезгілде пайдаланбаңыз. Батареялар бөлігінің қақпағын шертілгенге дейін орнатыңыз.

**ҚБП пайдалану:**

ҚБП көмегімен ТД-ны басқара аласыз.

ҚБП-ны әркез ТД-ның алдыңғы панелінде орналасқан сенсорға бағыттаңыз.



**Ескертпе:** Суреттер анықтама үшін берілген.

## БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚОСУ ОРГАНДАРЫНЫҢ НЫСАНАЛЫ МАҚСАТЫ ТЕЛЕДИДАРДАҒЫ БАТЫРМАЛАР

### ТД корпусындағы басқару батырмалары мен жалғағыштардың сипаттамасы

#### Басқару батырмалары

Теледидардағы әмбебап басқару батырмасын басыңыз - экранда негізгі басқару батырмаларының белгішелері бар ашылмалы мәзір пайда болады. Нұсқаулықта шамамен алынған схема берілген. Өртүрлі үлгілердегі батырмалардың нақты орны өзгешеленуі мүмкін.




Белгішені таңдау басқару батырмасын қысқа басу арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте таңдалған белгішенің көмескі жарығы оңға ауысады. Таңдалған белгішені белсендіру үшін басқару батырмасын басып тұрыңыз.

#### Басқару белгішелерінің сипаттамасы:

-  : **Power off** - ТД кезекші режимін қосу/сөндіру
-  : **Menu** - Мәзірді таңдау
-  : **Source**- Жұмыс режимін / сигнал көзін таңдау
-  : **CH+** : Келесі арнаға / мәзір тармағына немесе параметріне өту
-  : **CH-** : Алдыңғы арнаға / мәзір тармағына немесе параметріне өту
-  : **Volume+**: Дыбыс деңгейін көтеру
-  : **Volume-** : Дыбыс деңгейін түсіру

**PTV24SN04Z\_CIS\_WH және PTV24SN05Z\_CIS\_WH ТЕЛЕДИДАРЛАРЫНДАҒЫ БАТЫРМАЛАР**  
**ЕСКЕРТПЕ:** төменде батырмалардың тек функционалдық схемасы берілген, нақты орналасу орны өзгеше болуы мүмкін.



 : Теледидарға қуат беру көзін қосу/ажырату батырмасы

**SOURCE:** Сигнал көзін таңдайтын батырма.

**MENU:** Басты мәзірді көрсететін және мәзір тармағын таңдауды растайтын батырма.

**CH+/-:** Арналарды ауыстырып қосатын батырмалар. Мәзір жүйесінде аталған батырмалар мәзір тармақтарымен жоғары/төмен орын ауыстыру үшін әрекет етеді.


**VOL+/-:** Дыбыс қаттылығын көтеретін / түсіретін батырмалар. Мәзір жүйесінде аталған батырмалар мәзір тармақтарымен оңға/солға орын ауыстыру үшін пайдаланылады

#### ИНТЕРФЕЙСТЕР



Нұсқаулықта шамамен алынған схема берілген. Өртүрлі үлгілердегі батырмалардың нақты орны өзгешеленуі мүмкін.

|                                                                                    |                                                                                                |                                                                                     |                                                                                                                    |
|------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   | Аудио/Видеокіріс<br>Видеосигналды, оң жақ және сол жақ дыбыстық арналарды қосатын жалғағыштар. |   | Құлаққаптар кірісі<br>Құлаққаптарға арналған жалғағыш<br>Пайдалану кезінде ш дыбыстық сигналы динамиктерге барады. |
|  | CI-модуль<br>CI модулін қосу. Қатынау картасына арналған жалғағыш.                             |  | USB кірісі<br>Жасырулы. Тек сервистік қызмет көрсетуге арналған.                                                   |
|  | HDMI кірісі<br>Цифрлық видеосигналды қосуға арналған.                                          |  | COAXIAL<br>SPDIF ресиверді қосу.                                                                                   |
|  | Антенна жалғағышы<br>ТД-антеннаны/ теледидарлық кабельді (75/УКВУДМВ) қосу                     |  | VGA кірісі<br>Компьютерден<br>аналогтық сигналды қосу                                                              |

# ТЕЛЕДИДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ СЫРТҚЫ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ ҚОСУ



## АНТЕННАНЫ ТЕЛЕДИДАРҒА ҚОСУ



### Теледидардың орналасу орны

Аспапты оның салмағын көтере алатын қатты бетке қойыңыз. Теледидарды судың немесе жылу көзінің (шамдар, балауыз шамдар, жылытқыштар) жанына орнатпаңыз. Теледидардың артқы қақпағындағы желдеткіш тесіктерді жаппаңыз

### Антенна мен қуаттау кабелін қосу

Антенна кабелін артқы қабырғадағы антенна жалғағышына қосыңыз. 2. Қуаттау кабелін (220- 240 В, ~ 50/60 Гц) қосыңыз

### Теледидарды қосу

Қуаттаубатырмасын басыңыз, индикатор жасыл түспен жанады. Егер аспап күту режимінде болса (индикатор қызыл түсті), қашықтан басқару пультіндегі қосу батырмасын басыңыз.

**Ескертпе:** Суреттер анықтама үшін берілген.

## ТЕЛЕДИДАРДЫ БАСТАПҚЫ ТЕҢШЕУ

Теледидарды бірінші рет қосқан кезде экранда «Бастапқы орнатылымдар» мәзірі пайда болады, мына әрекеттерді орынданыз:

- мәзірдің қажетті тілін орнатыңыз;
- елді таңдаңыз;
- «LCN бойынша сұрыптау» жолынан табылған арналардың нөмірлену ретін таңдаңыз (егер сізге барлық арналардың ретімен нөмірленгені керек болса, «Сөнд.» мәнін таңдаңыз);
- «ENTER» батырмасын басыңыз, пайда болған «Теңшеу түрі» мәзірінен
- теңшеу түрлерінің бірін таңдаңыз: «DVB-T2/T», «DVB-C» немесе «Жерсерік».

Қосымша теңшеулер жүргізіңіз.

«ENTER» батырмасын басқаннан кейін қабылданатын арналарды іздеу басталады. Қабылданатын арналарды автоматты түрде іздеу басталады.

Барлық арналар табылғаннан кейін теледидар 1-нөмірлі бағдарламаға ауысып қосылады. «EXIT» немесе «MENU» батырмасын басып, іздеуді тоқтатуға болады.

ЕСКЕРТПЕ - Егер теңшеу сәтсіз аяқталса, антенналық кабельдің қосылымын тексеріңіз, содан соң экранда берілген кеңестің нұсқаулықтарын басшылыққа алыңыз.

ҚБ пультіндегі «MENU» батырмасын басыңыз. Экранда басты мәзір пайда болады. Меңзерді навигация батырмаларының көмегімен қойындыларға жылжыта отырып, келесі мәзірді шақыра аласыз: «Арна», «Кескін», «Дыбыс», «Уақыт», «Бұғаттау», «Теңшеу».

Қажетті мәзірді шақырып, Сіз теледидардың барынша егжей-тегжейлі теңшеуін жалғастыра аласыз. Теңшеу аяқталғаннан кейін теледидар көруге дайын.

## ТЕЛЕДИДАР АРНАЛАРЫН ІЗДЕУ

Жерсерік, ЦТВ немесе АТВ сигнал көзін тандап, сіз төмендегі тәсілдердің бірімен теледидарлық арналарын іздеуін жүргізе аласыз:

- автоіздеу

Бұл режимде теледидар сіздің өңіріңізде қабылданған барлық теледидар арналарын іздейді, оларды автоматты түрде анықтайды және жадқа жазады. Теңшеу туралы толығырақ «АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ІЗДЕУ» бөлімінен қараңыз.

- қолмен іздеу

Іздеудің бұл түрі сіздің аймағыңыздағы цифрлық хабар тарату арналарының нөмірлерін білсеңіз, теңшеуге мүмкіндік береді. Теледидарлық хабар тарату түрі мен хабар тарату параметрлері туралы ақпаратты өз өңіріңіздегі теледидарлық желілерінің операторынан білуге болады. Теңшеу туралы толығырақ «ҚОЛМЕН ІЗДЕУ» тиісті бөлімдерінен қараңыз.

## БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ТАҢДАУ

- 0-9 нөмірлі бағдарламалар «1-9» цифрлық батырмаларын қысқа мерзімді басу арқылы таңдалады.
- 10-99 нөмірі бағдарламаларды шақыру үшін, мысалы, 19, «1» батырмасын басыңыз, содан соң 3с аспайтын интервалмен «9» батырмасын басыңыз. Теледидардың экранында «19» саны пайда болады.
- «CH-» немесе «CH+» батырмаларының көмегімен бағдарламалар сәйкесінше нөмірлердің кему немесе өсу ретімен ауысады.
- Егер сіз тек екі бағдарламаны, мысалы, 2-бағдарламаны және 5-бағдарламаны қадалағыңыз келсе, «↔» батырмасын пайдаланыңыз. Алдымен «2» батырмасымен екінші бағдарламаны, содан кейін «5» батырмасымен бесінші бағдарламаны қосыңыз. «↔» батырмасын әрбір басқан сайын екінші және бесінші бағдарламаны кезекпен ауыстыра аласыз.

Теледидар экранындағы «DISPLAY» батырмасымен бағдарламаның нөмірі мен атауы, қабылданатын арнаның түрлі-түстілік жүйесі мен дыбыстық хабар тарату типі, ағымдағы уақыт туралы ақпаратты шақырады.

#### **МОНИТОР РЕЖИМІНДЕГІ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ**

Компьютеріңіздің VGA және AUDIO OUT немесе DVI және AUDIO OUT шығыстары бөлек сатып алынатын арнайы кабельдердің көмегімен теледидардың **VGA, VGA AUDIO IN** немесе **HDMI** жалғағыштарына қосылады.

Дербес компьютер қондырғыларында теледидар үшін оңтайлы параметрлерді орнатқан орынды: ажырату қабілеті 1366x768 (PTV24SN04Z CIS BK, PTV24SN04Z CIS WH, PTV32SN04Z CIS BK, PTV32SN04Z CIS ML үшін) және 1920x1080 (PTV40SN04Y CIS BK мен PTV43SN04Y CIS ML үшін), жаймалау жиілігі 60 Гц.

ЕСКЕРТПЕ - Теледидар компьютер мониториның толық алмастырушысы болып табылмайды.

«SOURCE» батырмасын басып, тиісті көзді таңдаңыз және «ENTER» батырмасын басыңыз.

HDMI режимінде кескіннің күйі автоматты түрде теңшеледі. Монитор режимінде жұмыс істеу үшін «Кескін» мәзіріндегі «HDMI режимі» жолына құптарлық режим орнатыңыз.

#### **«АРНА» МӘЗІРІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТЕҢШЕУЛЕР**

##### ***ЖЕРСЕРІКТІК АРНАЛАРДЫ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ІЗДЕУ***

1 «SOURCE» батырмасын басып, «Жерсерік» сигнал көзін таңдаңыз.

2 «MENU» батырмасын басыңыз. Экранда «Арналар» қойындысындағы басты мәзір пайда болады, «Автотеңшеу» жолын таңдаңыз.

3 Пайда болған мәзірден елді және қосталатын жерсерікті таңдаңыз. Іздеу режимін таңдап, қосымша теңшелім жасаңыз.

4 «ENTER» батырмасы арқылы таңдауыңызды растаңыз. «Арналарды теңшеу» мәзірі пайда болады және қабылданатын жерсеріктік арналарды автоматты түрде іздеу басталады. Іздеуді «EXIT» немесе «MENU» батырмаларын басу арқылы тоқтатуға болады.

Барлық арналарды тапқаннан кейін теледидар № 1 1 бағдарламасына ауысады. Автоматты іздеуді аяқтағаннан кейін Сіз бағдарламалар тізімін өңдей аласыз («БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ РЕДАКЦИЯЛАУ» бөлімі).

##### ***ЦТВ ЖӘНЕ АТВ АРНАЛАРЫН АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ІЗДЕУ***

1 «MENU» батырмасын басыңыз. Экранда «Арналар» қойындысындағы басты мәзір пайда болады.

2 «Автотеңшеу» жолын таңдаңыз.

3 Пайда болған мәзірден елді және тюнер теңшеуінің түрін таңдаңыз: "DTV+ATV", "ЦТВ", "АТВ". "ЦТВ" таңдау кезінде хабар тарату стандартын таңдап, қосымша теңшелім жасаңыз.

4 «ENTER» батырмасы арқылы таңдауыңызды растаңыз. «Арналарды теңшеу» мәзірі пайда болады және қабылданатын арналарды автоматты түрде іздеу басталады. Іздеуді «EXIT» немесе «MENU» батырмаларын басу арқылы тоқтатуға болады.

Барлық арналар табылғаннан кейін теледидар 1-нөмірлі бағдарламаға ауысып қосылады. Бағдарламалар арналар жиілігінің өсу ретімен орналасады. Автоматты түрде іздеу аяқталғаннан кейін Сіз бағдарламалар тізімін редакциялай аласыз («БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ РЕДАКЦИЯЛАУ» бөлімі).

ЕСКЕРТПЕ - теледидарлық хабарларын тарату түрі туралы ақпарат пен DVB-C, DVB-T/T2 хабар тарату параметрлерін өз өңіріңіздегі теледидар желісінің операторынан біліңіз.

Трансляцияланатын бағдарламалық пакеттер үнемі жетілдіріліп отыратындықтан, жаңа арналарды табу үшін автоматты түрде іздеуді мезгіл-мезгіл (жылына кемінде бір рет) қайталау ұсынылады.

Егер сіздің теледидарыңыз теледидар бағдарламаларын белгісіз қабылдау аймағында болса (немесе теледидардың антенналық кірісіне берілетін сигнал параметрлерінің теледидарлық хабар тарату стандартының талаптарына сәйкес келмейтін басқа жағдайларда), онда теледидарды автоматты режимде орнатқан кездегі жеке арналар болмауы мүмкін, теледидардың аналогтық бағдарламаларында түс пен дыбыс болмауы немесе тұрақсыз болуы мүмкін, кедергілер болуы мүмкін. Бұл кемшіліктерді «АТВ режимінде қолмен іздеу» бөлімінде көрсетілген теледидарды қолмен іздеу және теңшеу арқылы жоюға болады.

### **АТВ РЕЖИМІНДЕ ҚОЛМЕН ІЗДЕУ**

Арналар мәзірінде меңзерді «АТВ қолмен теңшеу» жолына жылжытып, «ENTER» батырмасын басыңыз. Экранда «АТВ қолмен теңшеу» мәзірі пайда болады. Бұл мәзірде төмендегі әрекеттерді орындау арқылы бағдарламаларды қолмен іздеуге болады:

1 «Ағымдағы арна» жолында табылған арнаны сақтағыңыз келетін бағдарламаның нөмірін таңдаңыз.

2 Меңзерді «Түстілік жүйесі» жолына жылжытыңыз, қажетті параметрді таңдаңыз.

3 Меңзерді «Дыбыс жүйесі» жолына жылжытыңыз, дыбыс жүйесін таңдаңыз (үнсіздік бойынша «DK» жүйесі пайдаланылады).

4 Меңзерді «Іздеу» жолына жылжытыңыз, жиілік мәні өзгере бастағанға дейін «◀» немесе «▶» батырмасын басып тұрыңыз. Арнаны іздеу басталады, іздеу аяқталғаннан кейін теледидар экранында арнаның кескіні пайда болады.

5 Егер табылған арнада кескін және (немесе) дыбыс нашар ойнатылса, дәл теңшеу жасаңыз: меңзерді «Дәл теңшеу» жолына жылжытыңыз, содан соң «◀, ▶» батырмаларымен кескінінің және (немесе) дыбыстың оңтайлы сапасына қол жеткізіңіз.

6 «ENTER» батырмасын басыңыз. «Сәтті сақталды» деген жазу пайда болады. Егер сіз осы бағдарламада басқа арнаны сақтағыңыз келсе, іздеуді жалғастырыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ:** сіз таңдаған нөмірдің астында бұрын жазылған арна жойылады және табылған арна оның орнын алады. Егер табылған арна бұрын басқа нөмірде болса, оны жаңа нөмірге сақтағаннан кейін ол екі бағдарлама нөмірінің астындағы арналар тізімінде болады!

Сол сияқты, басқа арналарды қолмен іздеу және сақтау жүзеге асырылады.

#### **• Түстілік жүйесін өзгерту**

Егер АТВ арнасында түс болмаса, табылған теледидар арнасын көру кезінде түстілік жүйесін өзгертуге болады. Ол үшін АТВ режимінде болғанда «MENU» батырмасын басыңыз. Меңзерді «АТВ қолмен іздеу» жолына жылжытып, «ENTER» батырмасын басыңыз. Меңзерді «Түс жүйесі» жолына жылжытыңыз және түс барынша сенімді түрде танылатын жүйені таңдаңыз.

### • **Дыбыстық сүйемелдеу стандартын өзгерту**

Егер дыбыстық сүйемелдеу болмаса, табылған ATV арнасын көру кезінде дыбыстық сүйемелдеу стандартын өзгертуге болады. Бұл үшін «ATV қолмен іздеу» мәзірінде меңзерді «Дыбыс жүйесі» жолына жылжытыңыз және қажетті дыбыстық сүйемелдеу стандартын орнатыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ** – «NICAM/A2» стандартын қосу автоматты түрде жүреді және бағдарламаларды ауыстыру кезінде «Стерео» немесе «Моно» қысқа мерзімді индикациясымен сүйемелденеді.

### **DVB-T2/T ТЕЛЕДИДАРЛЫҚ АРНАЛАРЫН ҚОЛМЕН ІЗДЕУ**

Іздеудің бұл түрі сіздің өңіріңіздегі цифрлық хабар тарату арналарының нөмірлерін білсеңіз, теңшеуге мүмкіндік береді. Теледидарлық хабарларын тарату түрі мен хабар тарату параметрлері туралы ақпаратты сіздің өңіріңіздегі теледидарлық желісінің операторынан білуге болады.

Теледидарлық арналарын қолмен іздеу төмендегідей жүргізіледі:

1 «Арналар» мәзірінде меңзерді «ЦТВ қолмен теңшеу» жолына жылжытып, «ENTER» батырмасын басыңыз. Экранда тиісті мәзір пайда болады.

2 «◀, ▶» батырмаларымен сіздің өңіріңізде қабылданатын цифрлық хабар тарату арнасының нөмірін орнатыңыз.

3 «ENTER» батырмасын басыңыз, бағдарламаларды іздеу басталады. Іздеу аяқталғаннан кейін теледидар табылған бағдарламалардың біріне қосылады.

### **DVB-C ТЕЛЕДИДАРЛЫҚ АРНАЛАРЫН ҚОЛМЕН ІЗДЕУ**

Іздеудің бұл түрі сіздің өңіріңіздегі цифрлық кабельдік хабар тарату арналарының параметрлерін білсеңіз, теңшеуге мүмкіндік береді.

Хабар тарату параметрлерін сіздің өңіріңіздегі кабельдік оператордан табуға болады.

1 «MENU» батырмасын басып, «Арналар» мәзірінде «Іздеу теңшеулері» ішкі мәзіріне өтіңіз. «Цифрлық тип» жолында DVB-C арнасын таңдаңыз.

2 Меңзерді «САЦТВ қолмен теңшеу» жолына жылжытып, «ENTER» батырмасын басыңыз. Экранда тиісті мәзір пайда болады. «Жиілік», «Символ», «QAM типі» жолдарында қажетті параметрлерді орнатыңыз. «ENTER» батырмасын басыңыз, бағдарламаларды іздеу басталады. Іздеу аяқталғаннан кейін теледидар табылған бағдарламалардың біріне қосылады. Мәзірден шығу үшін «MENU» батырмасын басыңыз.

### **АРНАЛАР РЕДАКТОРЫ**

Бағдарламаларды редакциялау «Арналар» мәзірінде жүзеге асырылады. Меңзерді «Бағдарламаларды редакциялау» жолына жылжытып, «ENTER» батырмасын басыңыз. Экранда «Бағдарламаларды редакциялау» мәзірі пайда болады. Бұл мәзір:

- кейбір бағдарламаларды жоюға;
- бағдарламаларды өткізіп жіберуге;
- тандалған арналардың тізімін жасауға;
- теледидарлық бағдарламаларын сіздің қалауыңызға сәйкес орналастыруға мүмкіндік береді.

«MENU» батырмасын басыңыз, теледидар теледидарлық бағдарламасын көру режиміне оралады.

## **«КЕСКІН» МӘЗІРІНІҢ НЕГІЗГІ ТЕҢШЕУЛЕРІ**

### **КЕСКІН РЕЖИМІ**

«MENU» батырмасын басыңыз, «Кесін» мәзіріне өтіңіз, «Кескін режимі» жолына өтіңіз, «ENTER» батырмасын басыңыз. «▲,▼» батырмаларымен төмендегі кескін режимдерінің бірін таңдаңыз: «Динамикалық», «Стандартты», «Орташа», «Пайдаланушы».

«Пайдаланушы» режимінде «Түстер кереғарлығы», «жарықтық», «Қанықтық», «Айкындық» жолдарындағы кескін параметрлерін өзгертуге болады. Ол үшін қажетті параметрді таңдап, «ENTER» батырмасын басып, қажетті мәнді орнатыңыз.

Реттеу процесі шкаладағы меңзердің орнын өзгерту және реттелетін параметрдің цифрлық мәнін өзгерту арқылы көрсетіледі. Алдыңғы мәзірге оралу үшін «MENU» батырмасын басыңыз.

«Динамикалық», «Стандартты», «Орташа» режимдерде параметрлерді өзгертуге болмайды - бұл алдын ала орнатылған мәндер.

Алдыңғы мәзірге оралу үшін «MENU» батырмасын басыңыз.

ЕСКЕРТПЕ - осы теледидар үлгісіндегі «Реңк» параметрін өзгерту мүмкін емес.

Мәзірге кірместен «P. MODE» батырмасының көмегімен сіз «Динамикалық», «Стандартты», «Орташа», «Пайдаланушы» кескінін алдын ала орнатылымдарының бірін таңдай аласыз. Батырманы басқан сайын экранның үстіңгі жағында тиісті жазба пайда болады. Алдын ала орнатуды таңдау аяқталғаннан кейін жазу бірнеше секундтан кейін жоғалады.

ЕСКЕРТПЕ - сюжеттерді статикалық (қозғалмайтын) режимде көрген кезде қалдық статикалық кескінін пайда болуын болдырмау үшін орташадан жоғары жарықтылық пен түстер кереғарлығы деңгейлерін орнату ұсынылмайды.

### **ТҮС ТЕМПЕРАТУРАСЫ**

«Кескін» мәзірінде «Түс температурасы» жолына өтіңіз. «Түс температурасы» параметрін өзгерту кескінін түс температурасын реттейді. Төмендегі режимдердің бірін таңдаңыз: «Қалыпты», «Суық», «Жылы».

«Қалыпты» кескін режимінде кескін түстері теңдестірілген, «Жылы» режиміндегі кескіндерде қызыл реңк басым, «Суық» режимінде – көк түс басым.

### **ШУДЫ АЗАЙТУ**

«Кескін» мәзірінде меңзерді «Шуды азайту» жолына жылжытыңыз.

«ENTER» батырмасын басып, кескіндегі шу мен кедергілерді басу деңгейлерінің бірін таңдаңыз: «Төмен», «Орташа», «Жоғары», «Бастапқы» немесе «Сөнд.».

ЕСКЕРТПЕ - СК өндіріс технологиясының ерекшеліктеріне байланысты экранда кескін шекараларының іздерінің пайда болуын болдырмау үшін «4:3», «14:9» форматтағы сюжеттерді ұзақ уақыт форматта көру ұсынылмайды. Статикалық кескіндерді, мысалы, телемәтін режимінде немесе кез келген форматтағы «VGA» режимінде ұзақ уақыт көру ұсынылмайды.

### **NDMI РЕЖИМІ**

Бұл функция HDMI кабелін қосқан кезде қолжетімді.

## **«ДЫБЫС» МӘЗІРІНІҢ НЕГІЗГІ ТЕҢШЕУЛЕРІ ДЫБЫС РЕЖИМІ**

«MENU» батырмасын басып, меңзерді «◀ ▶» батырмаларымен қойындыға жылжытыңыз  
«Дыбыс» және «▼» батырмасымен «Дыбыс режимі» жолында «Enter» батырмасын басыңыз.  
«▲,▼» батырмаларымен төмендегі режимдердің бірін таңдаңыз: «Стандартты», «Музыка»,  
«Кино», «Спорт», «Пайдаланушы».

«Пайдаланушы» режимі «Жоғары», «Басс» жолдарындағы дыбыс параметрлерін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үшін меңзерді қажетті параметрі бар жолға жылжытыңыз және «ENTER» батырмасын басыңыз. «◀ ▶» батырмаларымен қалаған деңгейді орнатыңыз.

Мәзірге кірместен «S. MODE» батырмасының көмегімен сіз «Стандартты», «Музыка», «Кино», «Спорт», «Пайдаланушы» дыбыстың алдын ала орнатылымдарының бірін таңдай аласыз.

Дыбыстың алдын ала орнатылымдарын таңдау белгілі бір таратылымдардың дыбыстық сүйемелдеуін тыңдау үшін оңтайлы дыбыс параметрлерін орнатуға мүмкіндік береді. Батырманы басқан сайын экранның үстіңгі жағында тиісті жазба пайда болады. Алдын ала орнатылымды таңдау аяқталғаннан кейін жазба 5-30 с-тан соң жоғалады.

### **ТЕҢГЕРІМ**

Меңзерді «Тенгерім» жолына жылжытып, «ENTER» батырмасын басыңыз. «◀ ▶» батырмаларымен оң немесе сол жақ динамиктің қажетті дыбыс деңгейін орнатыңыз.

Динамиктердің бірдей көлемі реттеу шкаласындағы 0 мәніне сәйкес келеді.

## **ДЫБЫС ҚАТТЫЛЫҒЫН АВТООРНАТУ**

«Дыбыс қаттылығын автоорнату» жолында дыбыс қаттылығын автоматты түрде қосу немесе сөндіру үшін «Қосу» немесе «Сөнд.» мәнін орнатыңыз.

### **SPDIF РЕЖИМІ**

«SPDIF цифрлық шықпасы» жолында «Авто», «PCM» немесе «Сөнд.» мәндерін орнатыңыз. Бұл мәндер **COAXIAL AD АУЫСТЫРЫП ҚОСҚЫШ** цифрлық аудиошығысындағы сигналды басқарады.

«Дыбыстық сипаттама» жолында (ЦТВ режимінде қолжетімді) «ОК» батырмасын басып, «Қосу» немесе «Сөнд.» мәнін орнатыңыз, қажетті дыбыс қаттылығын орнатыңыз. Функция қабылданатын бағдарламада тиісті деректер болған кезде жұмыс істейді.

## **«УАҚЫТ» МӘЗІРІНІҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ**

Басты мәзірде «◀ ▶» батырмаларымен меңзерді «Уақыт» қойындысына жылжытыңыз, экранда «Уақыт» мәзірі пайда болады.

### **САҒАТ**

Меңзерді «Сағат» жолына жылжытыңыз. Ашылған терезеде қажетті күн мен уақытты орнатыңыз. ЦТВ режимінде уақыт эфирден автоматты түрде орнатылады.

### **САҒАТТЫҚ БЕЛДЕУ**

Меңзерді «Сағаттық белдеу» жолына жылжытыңыз. Ашылған терезеден өңіріңіздің жергілікті уақыт белдеуін орнатыңыз.

### **ӨШІРУ ТАЙМЕРІ**

Меңзерді «Өшіру таймері» жолына жылжытыңыз. Ашылған ішкі мәзірден «▲,▼» батырмаларымен теледидарды сөндіру уақытын төмендегі кезекші режимге орнатыңыз:

«15 мин», «30 мин», «45 мин», «60 мин», «90 мин», «120 мин», «240 мин». Теледидарды сөндіруді болдырмау үшін «Сөнд.» мәнін орнатыңыз.

Теледидарды сөндіру уақытын кезекші режимде КБ пультінің «SLEEP» батырмасын пайдаланып орнатуға болады.

### **АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ СӨНДІРУ**

Меңзерді «Автосөндіру» жолына жылжытыңыз, «ENTER» батырмасын басыңыз. Ашылған ішкі мәзірден теледидардың күту режимін автоматты түрде қосу функцияларын орнатыңыз: «3 сағат», «4 сағат», «5 сағат».

Функцияны болдырмау үшін «Сөнд.» мәнін орнатыңыз. «ENTER» батырмасын басыңыз. Бұл режимде теледидар көрсетілген уақыт ішінде теледидарды басқару әрекеттері жасалмаған жағдайда кезекші режимге ауысады.

### **МӘЗІР ТАЙМЕРІ**

Меңзерді «Мәзір таймері» жолына жылжытып, «ENTER» батырмасын басыңыз. Ашылған ішкі мәзірде «▲, ▼» батырмаларымен мәзірдің экранда көрсетілетін уақытын орнатыңыз: 5 с, 15 с, 30 с. Растау үшін «ENTER» батырмасын басыңыз.

## **«БҰҒАТТАУ» МӘЗІРІНІҢ НЕГІЗГІ ТЕҢШЕУЛЕРІ**

### **ЖҮЙЕНІ ҚҰЛЫПТАУ**

Мәзірде меңзерді «Жүйелік құлып» жолына жылжытыңыз.

«ENTER» батырмасын басыңыз. Ашылған терезеде 0-9 цифрлық батырмаларымен 0000 кодын теріңіз (егер сіз кодты бірінші рет өзгертсеңіз). Әр басқан кезде жолда «\*» символы пайда болады. Бұғаттау мүмкіндігін қосу үшін құпиясөзді орнатыңыз.

### **ҚҰПИЯСӨЗ ОРНАТУ**

Меңзерді «Құпиясөз орнату» жолына жылжытып, «ENTER» батырмасын басыңыз. Ішкі мәзір пайда болады. «Ескі құпиясөз» жолында 0-9 цифрлық батырмаларымен ескі құпиясөзді теріңіз. Әр басқан кезде жолда «\*» символы пайда болады.

«Жаңа құпиясөз» жолында, мысалы, 1111 орнатқыңыз келетін жаңа құпиясөзді теріңіз. «Жаңа құпиясөзді растау» жолына жаңа құпиясөзді қайта енгізіңіз (1111). Мәзірден шығу үшін «MENU» батырмасын басыңыз. ҚҰПИЯСӨЗІҢІЗДІ ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ! ЕГЕР СІЗ ОНЫ ҰМЫТЫП ҚАЛСАҢЫЗ, ЖӨНДЕУ КӘСПОРНЫНА ХАБАРЛАСУЫҢЫЗҒА ТУРА КЕЛЕДІ!

### **АРНАНЫ БҰҒАТТАУ**

«Арна блогы» жолын таңдаңыз. Ашылған терезеден бұғатты қалаған арналарға орнатыңыз.

### **АТА-АНАЛЫҚ БАҚЫЛАУ**

«Ата-аналық бақылау» жолын таңдаңыз (тек ЦТВ режимінде) және «►» батырмасын басыңыз. Жас шектеуін 4-тен 18-ге дейін орнатыңыз. Сіз көрсеткен жасқа дейінгі балалар көре алмайтын бағдарламалар көру үшін бұғатталады. Балалардың көруінен қорғауды болдырмау үшін «Сөнд.» мәнін орнатыңыз.

### **КЛАВИАТУРАНЫ БҰҒАТТАУ**

«Клавиатура блогы» жолын таңдаңыз. Ашылған терезеден «Қосу» немесе «Сөнд.» мәнін орнатыңыз.

## **«ТЕҢШЕУ» МӘЗІРІНІҢ НЕГІЗГІ ТЕҢШЕУЛЕРІ**

Негізгі мәзірде жүргіргі «Теңшеу» жолына жылжытыңыз, экранда «Теңшеу» мәзірі пайда болады.

### **МӘЗІР ТІЛІ**

«Тіл» жолын таңдаңыз. Қалаған тілді орнатыңыз. Алдыңғы мәзірге оралу үшін «MENU» батырмасын басыңыз.

### **ТЕЛЕМӘТІН ТІЛІ**

«Телемәтін тілі» жолын таңдаңыз. «ENTER» батырмасын басыңыз. «▲, ▼» батырмаларымен қалаған телемәтін тілін орнатыңыз.

### **АУДИО ТІЛДЕР**

«Аудио тілдері» жолын таңдаңыз. «▲, ▼» батырмаларымен қалаған дыбыс тілін таңдаңыз.

## **СУБТИТР ТІЛІ**

«Субтитр тілі» жолын таңдаңыз. «▲▼» батырмаларымен қалаған субтитр тілін орнатыңыз.

## **НАШАР ЕСТИТІНДЕРҮШІН**

Курсорды «Нашар еститіндер үшін» жолына жылжытыңыз, «Қосу» немесе «Сөнд.» мәнін орнатыңыз (тек ЦТВ режимінде). «ENTER» батырмасын басыңыз.

## **PVR ФАЙЛДЫҚ ЖҮЙЕСІ**

«PVR файлдық жүйесі» жолын таңдаңыз. Ашылған ішкі мәзірден сыртқы USB жинақтауышы бөлімін таңдай аласыз, «Формат» жолын таңдап, форматтаңыз.

«Жылдамдық» жолын таңдау арқылы жылдамдықты анықтаңыз. Жылдамдықты тексеру бірнеше минутқа созылуы мүмкін.

**Ескертпелер** - Дискіні форматтау ондағы барлық деректердің жойылуына әкелуі мүмкін. Форматтаудан кейін диск FAT32 жүйесіне өтеді. Құрылғының қалыпты жұмысын қамтамасыз ету үшін форматтау кезінде теледидарды сөндіріңіз немесе USB құрылғысын ажыратпаңыз.

## **КЕСКІН ФОРМАТЫ**

«Кескін форматы» жолын таңдаңыз. Төмендегі кескін форматтарының бірін орнатыңыз: «4:3», «16:9», «Масштаб 1», «Масштаб 2».

Мәзірге кірместен «ASPECT» батырмасын пайдаланып, экран форматын сақинаға ауыстыру арқылы таңдауға болады.

**ЕСКЕРТПЕ** - СК өндіріс технологиясының ерекшеліктеріне байланысты экранда кескін шекараларының іздерінің пайда болуын болдырмау үшін сюжеттерді «4:3» форматында ұзақ уақыт көру ұсынылмайды. Статикалық кескіндерді, мысалы, телемәтін режимінде немесе кез келген форматтағы немесе «VGA» режимінде ұзақ уақыт көру ұсынылмайды.

## **КӨГІЛДІР ЭКРАН**

Меңзерді «Көгілдір экран» жолына жылжытып, «ENTER» батырмасын басыңыз. «Қосу» немесе «Сөнд.» мәнін орнатыңыз, яғни сигнал болмаған кезде экранның көк фонын қосыңыз немесе сөндіріңіз. «ENTER» батырмасын басыңыз.

## **БАСТАПҚЫ ОРНАТУЛАР**

Бастапқы орнатуларды өзгерту. Бөлімдегі жұмыс тәртібі осы нұсқаулықта сипатталған.

## **ТЕҢШЕУЛЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ**

Сіз кескіннің, дыбыстың және т.б. зауыттық орнатылымдарын қалпына келтіре аласыз. Бұл үшін «Орнатулар» мәзірінде меңзерді «АРЫЛТУ» жолына жылжытыңыз және «ENTER» батырмасын басыңыз. Ашылған ішкі мәзірде «▲►» батырмаларымен функцияны таңдауды растаңыз немесе болдырмаңыз.

## **БЖ ЖАҢАРТУ (USB)**

Бұл функция теледидардың бағдарламалық жасақтамасын USB жинақтауышынан жаңартуға мүмкіндік береді.

## **HDMI CEC**

«Теңшеу» мәзірінен HDMI CEC жолын таңдаңыз. Ашылған мәзірден «CES БАСҚАРУ» жолына «Қосу» мәнін орнатыңыз және қажетті теңшеулерді жасаңыз.

## **БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ КЕСТЕСІ (EPG)**

Бағдарламалардың электронды кестесі (EPG – Electronic Programm Guide) қабылданатын ЦТВ арналарында бағдарламалар кестесін көру үшін қолданылады. EPG мәзіріне кіру үшін ҚБ пультіндегі «EPG» батырмасын басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ** - EPG функциясы теледидар арнасынан тиісті ақпарат берілген кезде жұмыс істейді. Егер теледидарда күн немесе уақыт дұрыс орнатылмаған болса, онда EPG функциясы дұрыс жұмыс істемейді.

Ағымдағы уақытты түзету «Орнаутулар» мәзірінде жүзеге асырылады.

EPG мәзірін басқару үшін төменгі мәзір жолағындағы кеңестерге сәйкес ҚБП батырмаларын пайдаланыңыз.

**Көк** батырманың көмегімен сізді қызықтыратын таратылым туралы еске салуды орнатуға болады. Орнатылған еске салулардың тізімін ашу үшін сары батырманы басыңыз. Тізімнен еске салуларды жою үшін қызыл батырманы пайдаланыңыз.

Тізімді жабу үшін сары батырманы немесе «EXIT» батырмасын басыңыз. Бағдарлама туралы қосымша ақпаратты көрсету үшін «DISPLAY» батырмасын басыңыз.

### **СЫРТҚЫ ТАСЫҒЫШТАРДАН ОЙНАТУ**

Флэш-жинақтауышты «USB» жалғағышына орнатыңыз.

«SOURCE» батырмасын басып, «Media» режимін таңдаңыз. Экранда пиктограммалар бейнеленген мынадай мәзір пайда болады: «Фото», «Музыка», «Видео», «Мәтін».

«◀▶» батырмаларымен қажетті пиктограмманы таңдап, «ENTER» батырмасын басыңыз.

#### **«ФОТО» РЕЖИМІ**

«Фото» пиктограммасын таңдап, «ENTER» батырмасын басыңыз. Көру үшін папканы навигациялау батырмаларын таңдап, «ENTER» батырмасын басыңыз. Көру үшін «ENTER» файлдарын таңдаңыз. «<sup>INDEX</sup>▶» батырмасын басыңыз. Кескіндерді көрсету басталады.

Экранның төменгі жағындағы мәзірді алу үшін «ENTER» батырмасын басыңыз. «◀▶» батырмаларымен меңзерді пайдаланғыңыз келетін символға жылжытыңыз

«ENTER» батырмасын басыңыз. Мәзірге оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз. Флэш-картадан файлды жою үшін қызыл түсті батырманы, содан соң «◀» және «ENTER» батырмаларын басыңыз. Пиктограммалар бейнеленген мәзірге шығу үшін «EXIT» батырмасын бірнеше рет басыңыз.

#### **«МУЗЫКА» РЕЖИМІ**

«Музыка» пиктограммасын таңдап, «ENTER» батырмасын басыңыз. Көру үшін папканы навигациялау батырмаларын таңдап, «ENTER» батырмасын басыңыз.

Көру үшін «ENTER» батырмасымен файлдарды таңдаңыз. «<sup>INDEX</sup>▶» батырмасын басыңыз. Музыканы ойнату басталады.

Экранның төменгі жағындағы мәзірді алу үшін «ENTER» батырмасын басыңыз. «◀▶» батырмаларымен меңзерді пайдаланғыңыз келетін символға жылжытыңыз

«ENTER» батырмасын басыңыз. Мәзірге оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз. Флэш-картадан файлды жою үшін қызыл түсті батырманы, содан соң «◀» және «ENTER» батырмаларын басыңыз. Пиктограммалар бейнеленген мәзірге шығу үшін «EXIT» батырмасын бірнеше рет басыңыз.

#### **«ВИДЕО» РЕЖИМІ**

«Видео» пиктограммасын таңдап, «ENTER» батырмасын басыңыз. Көру үшін папканы навигациялау батырмаларын таңдап, «ENTER» батырмасын басыңыз. Көру үшін «ENTER» батырмасымен файлдарды таңдаңыз. «<sup>INDEX</sup>▶» батырмасын басыңыз. Видеоны көрсету басталады.

Экранның төменгі жағындағы мәзірді алу үшін «ENTER» батырмасын басыңыз.

«◀▶» батырмаларымен меңзерді өзіңіз пайдаланғыңыз келетін символға жылжытыңыз және «ENTER» батырмасын басыңыз.

Мәзірге оралу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз. Флэш-картадан файлды жою үшін қызыл түсті батырманы, содан соң «» және «ENTER» батырмаларын басыңыз. Пиктограммалар бейнеленген мәзірге шығу үшін «EXIT» батырмасын бірнеше рет басыңыз.

**ЕСКЕРТПЕ** – видео дұрыс ойнатуға 25кбит/с жылдамдықпен мүмкін болады.

#### **«МӘТІН» РЕЖИМІ**

«Мәтін» пиктограммасын таңдап, «ENTER» батырмасын басыңыз. Көру үшін «» батырмаларымен папканы таңдап, «ENTER» батырмасын басыңыз. Көргіңіз келетін файлдарды «ENTER» батырмасымен белгілеңіз. Таңдалған мәтінді көру үшін «»

батырмасын басыңыз.

Пиктограммалар бейнеленген мәзірге шығу үшін «EXIT» батырмасын бірнеше рет басыңыз.

#### **БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ СЫРТҚЫ ТАСЫҒЫШТАРҒА «ЦТВ» РЕЖИМІНДЕ ЖАЗУ**

Бағдарламаны ЦТВ режимінде жазу үшін жинақтауышты USB жалғағышына орнатыңыз, ҚБ пультіңдегі «REC» батырмасын басыңыз. Осы сәтте көріліп отырған бағдарламаны жазу басталады.

Жазуды тоқтату үшін «INDEX» батырмасын басыңыз. «Жазуды тоқтатқыңыз келе ме?» жазбасы пайда болады.

«» батырмасын «ENTER» тармағын таңдап, «ENTER» батырмасын басыңыз. Жазу тоқтайды.

**ЕСКЕРТПЕ** - Жазу уақыты сыртқы жинақтауыштың көлемімен шектелген. Жазба тек FAT32 файлдық жүйесі бар жинақтауыштарға жазылуы мүмкін. Қажет болса, бөлімді форматтаңыз, бұл ретте барлық деректер жоғалып кетеді. Тасығыштар көлемі: USB флэш-жинақтауыштар үшін 32 ГБ дейін, қатқыл дискілер үшін 500 ГБ дейін. Тұтынатын тогы 500 мА-дан асатын қосылған қатқыл диск сыртқы қуат көзі болмаған кезде дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.

Жазылған файлдарды көру үшін «USB» батырмасын басып, Media режиміне өтіңіз. Экранда басты бет пайда болады. «Видео» қойындысын таңдаңыз.

Ойнату үшін керекті файлды таңдап, «ENTER» батырмасын басыңыз.

#### **МӘТІНДІК АҚПАРАТТЫ ҚАБЫЛДАУ**

##### **МӘТІНДІК АҚПАРАТТЫ ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕГІ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ**

Теледидарды қосыңыз және оны телемәтін берілетін бағдарламаға орнатыңыз. «TEXT» батырмасын басыңыз, теледидар телемәтінді қабылдау және көрсету режиміне ауысып қосылады.

Таңдалған телекөрініс бағдарламасында телемәтін сигналдары болған жағдайда, теледидар экранында 100 нөмірлі бет немесе таратушы станцияда оператор таңдаған бет (индекс беті) пайда болуы тиіс.

Телемәтін телеорталықтан «FASTEXT» (жылдам) немесе «FLOF» (қалыпты) режимінде берілуі мүмкін.

«FASTEXT» режимінде телемәтінді қабылдау кезінде статус жолында берілетін бөлімдердің «түрлі-түсті» атаулары немесе нөмірлері көрсетіледі, оларды ҚБ пультінің тиісті «түрлі-түсті» батырмаларының көмегімен тез таңдауға болады.

Егер телемәтін «FLOF» режимінде жіберілсе, онда статус жолында басқару элементтері көрсетіледі.

##### **БЕТ НӨМІРІН ТАҢДАУ**

Телемәтін бетінің нөмірін (Page) таңдау 0-9 батырмаларын кезекпен басу арқылы жүзеге асырылады. Бет нөмірі үш цифрмен теріледі және ол экранның үстінгі сол жақ бұрышындағы тақырып жолында көрсетіледі. Үш таңбалы нөмірді тергеннен кейін бетті іздеу процесі басталады.

Бетті таңдау:

- ҚБ пультінің «түрлі-түсті» батырмаларымен жүзеге асырылады;
- «▲» батырмасы - келесі нөмір, «▼» батырмасы - алдыңғы нөмір.

#### **ТЕЛЕМӘТІН АҚПАРАТЫН ЭКРАНДА ҰСТАП ТҰРУ**

«HOLD» батырмасын басу арқылы экранда сізді қызықтыратын телемәтін бетінің ақпаратын ұстап тұра аласыз. Бұл жағдайда бет нөмірінің орнына үстіңгі сол жақ бұрыштағы тақырып нөмірі, алдында HOLD жазуы пайда болады. «HOLD» батырмасын қайта басу бетті ұстап тұруды болдырмайды.

#### **ТЕЛЕМӘТІННІҢ ІШКІ БЕТТЕРІН ТАҢДАУ**

Кейбір телемәтін беттерінде ішкі беттер болуы мүмкін. Ішкі беттердің болуы туралы ақпарат экранда «X/Y» хабарлама түрінде көрсетіледі, мұнда «X» – көрсетілген ішкі беттердің нөмірі, ал «Y»

- таңдалған бет үшін ішкі беттер саны. «X/Y» хабарламасы статус жолына орналасады.

Ішкі беттерді таңдау үшін «HOLD» батырмасын басыңыз. Статус жолында ағымдағы беттің және ағымдағы ішкі беттің нөмірі бар, мысалы, «231/0001» нөмірлі хабарлама пайда болады. Енді «0-9» батырмаларының көмегімен төрт таңбалы сан түрінде ішкі бет нөмірін енгізіңіз, мысалы, 0002 («Y» санының шектерінде).

#### **ПАЙДАЛЫ КӨРУ ФУНКЦИЯЛАРЫ**

Сондай-ақ, ішкі беттің нөмірін сәйкесінше қызыл және жасыл батырмалардың көмегімен үлкейту және азайту бағытында өзгертуге болады. Телемәтін режимінен шығу үшін «EXIT» батырмасын басыңыз.

#### **ТЕЛЕМӘТІНДІ ҚАБЫЛДАУ КЕЗІНДЕГІ АҚАУЛАР**

АТВ режимінде телемәтінді қабылдау кезінде жиі кездесетін ақаулар - бұл дұрыс емес, артық немесе қалпы қойған әріптер немесе көрсетілген беттегі басқа символдар.

Телемәтінді қабылдау сапасын нашарлататын себептер:

- Қабылдау шарттары
- Берілетін сигнал айтарлықтай әлсіреді («кар» әсері бар телекөрініс бағдарламасы) немесе мынадай себептер бойынша сигналдың едәуір шағылысуы орын алады («қайталау» әсері):

- орталық антенна жүйесі жарамсыз немесе дұрыс теңшелмеген.

Телемәтіннің сапасыз қабылдануы әдеттегі теледидарлық кескінінде кедергілер мен бұрмаланулар

көрінбейтін жағдайларда да байқалуы мүмкін;

- теледидар арнасына дәл теңшемеу. Теледидарлық бағдарламасының кескіні өзгеріссіз қалған кезде теледидар арнасына сәл қолмен теңшеу де телемәтін сигналдарын қабылдау жағдайларын айтарлықтай жақсарты алады.

- теледидардың өзінің жарамсыздығы

Жөндеу кәсіпорнына хабарласыңыз.

## БОЛУЫ МҮМКІН ЖАРАМСЫЗДЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ТӘСІЛДЕРІ

Егер теледидардың жұмысы қанағаттанарлықсыз болса, кестеде берілген ұсынымдарды пайдалана отырып, қарапайым жарамсыздықтарды өз бетіңізше жоя аласыз. Егер бұл жарамсыздықтар жойылмаса, жөндеу кәсіпорнының мамандарына хабарласыңыз. 3-кесте

| БОЛУЫ МҮМКІН ЖАРАМСЫЗДЫҚ                               |         | ЖОЮ ТӘСІЛІ                                                                                                                                                                                                                                                        |
|--------------------------------------------------------|---------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| КЕСКІН                                                 | ДЫБЫС   |                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Жоқ                                                    | Жоқ     | Желілік баусымның ашасын желінің розеткасына тығыңыз. Теледидарды бағдарламаларға теңшеңіз. Түстер кереғарлығын, жарықтық пен дыбыс қаттылығын реттеңіз                                                                                                           |
| Қалыпты                                                | Жоқ     | Дыбыс қаттылығын қосыңыз немесе реттеңіз. Қажетті дыбыс стандартын орнатыңыз                                                                                                                                                                                      |
| Қосарлы кескін                                         | Қалыпты | Антеннаны бағыттаңыз, антенналық штекерді теледидарға қосылуын тексеріңіз                                                                                                                                                                                         |
| Радиокедергілер                                        | Шулы    | Электр жабдықтары мен радиотелефон тудыратын кедергілердің жоқтығына көз жеткізіңіз. Кедергі жасайтын аспаптарды өшіріңіз                                                                                                                                         |
| «Қар» типті кедергі                                    | Шулы    | Антенналық штекердің теледидарға қосылуын тексеріңіз                                                                                                                                                                                                              |
| VGA режиміндегі экранның бұлыңғырлығы                  |         | Оңтайлы анық кылу қабілетін орнатыңыз                                                                                                                                                                                                                             |
| Түс жоқ                                                | Қалыпты | Кескіннің қанықтылығын реттеңіз, түстілік жүйесін өзгертіңіз                                                                                                                                                                                                      |
| ҚБ пультінен басқарылмайды                             |         | ҚБ пультін теледидардың басқару панеліне бағыттаңыз. Теледидардың экранынан алты метрден аспайтын арақашықтықтан басқарыңыз. Теледидар мен ҚБ пульті арасындағы кедергіні жойыңыз. Орнату полярлығын сақтай отырып, екі қуаттау элементін бір уақытта ауыстырыңыз |
| СІ модулі қосылмаған                                   |         | СІ модулін бірінші рет қосқан кезде теледидармен синхрондау 10 минут немесе одан да көп уақытты алады, ал кейінгі қосылымдарда – 30 секунд немесе одан да көп уақытты алады                                                                                       |
| USB тасығыштан ойнату кезінде кескін бар да, дыбыс жоқ |         | Видеофайлда қолдалмайтын дыбыс стандарты берілген аудиотрек бар. Басқа дыбыстық жолды таңдаңыз.                                                                                                                                                                   |

**Ескертпе: Құрметті пайдаланушы, осы теледидарда AC-3, E-AC-3 аудиокөдектері мен DivX видеокодегі қолдалмайды.**

## ДАЙЫНДАУШЫНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

### КЕПІЛДІК ТАЛАПТАРЫ

СК панельдер көптеген нүктелерден тұрады, олардың әрқайсысы пиксель деп аталады.

Пиксель үш субпиксельден тұрады, олардың әрқайсысы үш түстің (қызыл, жасыл және көк) біріне сәйкес келеді. СК панель кескінінің жарықтығы мен айқындығына көптеген пикселдер арқылы қол жеткізіледі.

Мысалы, 15 дюймдік СК панельде 760000 пиксель немесе шамамен 2,3 миллион субпиксель бар.

Теледидардың СК панелінде ақаулы пикселдердің аз мөлшерінің пайда болуы (үнемі ашық немесе үнемі қараңғы) пикселдердің орасан көп санымен және СК панельдерін өндірудегі технологиялық процестің күрделілігімен түсіндіріледі. Ақаулы пикселдердің пайда болуы теледидардың сенімділігіне және басқа пикселдер мен СК панельдің жұмыс атқару қабілетіне әсер етпейді. Осындай ақауларды барынша азайту үшін СК панелі бар теледидарлар өндірісі сапаны мұқият техникалық бақылау объектісі болып табылады.

Біз СК панелі бар жоғары сапалы теледидарларды өндірушілеріміз және анағұрлым мүмкін болатын сапаға қол жеткізуге тырысамыз. Осы мақсатта біз ақаулы пикселдердің түрлері мен саны қандай болғанда сіздің СК панельді ауыстыруға құқығыңыздың бар екенін біржола анықтадық. СК панельді бағалау кезінде төмендегі анықтамаларды басшылыққа алу керек:

- ақаулы нүкте - бұл кескінінің пикселін құрайтын түстердің (қызыл, көк немесе жасыл) бірінің экрандағы жұмыс істемейтін нүктесі;
- нүктенің ақауы жарық (үнемі жарқырап тұратын) немесе қараңғы (үнемі қарайып тұратын) нүкте түрінде пайда болуы мүмкін;
- ақаулы нүктелердің шектес жұбы - екі бірдей (екі ашық немесе екі қараңғы) ақаулы нүктелер, олардың арасындағы арақашықтық 6 мм-ден аз немесе соған тең. 4-кестеде Prestigio теледидарының СК панелінде болуы мүмкін ақаулы пикселдердің барынша рұқсат етілген саны мен түрлері көрсетілген. Егер сіз ақаулы пикселдердің көбірек санын көрсеңіз, дайындаушының кепілдік міндеттемелері аясында жарамсыздық туралы өтініш бере аласыз.

Ол үшін кез келген авторланған сервис орталығына хабарласу қажет.

#### 4-кесте

| Ақаулардың рұқсат етілген ең көп саны: | Үнемі жарық | Үнемі қараңғы | Барлық қара және жарық | Аралас жұп |
|----------------------------------------|-------------|---------------|------------------------|------------|
| Ақаулы пиксельдер саны                 | 3           | 6             | 6                      | 0          |

Кепілдікті сақтау мерзімі - теледидар жасалған күннен бастап 24 ай.

Кепілдікті пайдалану мерзімі - 12 ай.

Теледидардың кепілдікті міндеттемелері кепілдік талонында көрсетілген.



**Назар аударыңыз! Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы толықтырма.**

- Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ету кезінде сіз осы өнімнің дұрыс өңделмеуінен қоршаған ортаға және адам денсаулығына келуі мүмкін теріс салдарларды болдырмауға көмектесесіз. Жергілікті нормативтік талаптарды сақтау керектігін есте сақтаңыз: жұмыс істемейтін электр аспаптары мен қуаттау элементтерін арнайы кәдеге жарату орталықтарына тапсырыңыз. Бұл өнімді жою туралы неғұрлым толық ақпарат алу үшін муниципалдық органдарға, тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату қызметіне немесе бұйымды сатушыға хабарласыңыз.

**Тұрмыстық радиоэлектронды  
аппаратураны, тұрмыстық электр  
аспаптарын, ақпараттық  
технологиялардың жабдықтарын жобалау,  
өндіру және оларға қызмет көрсету  
сапасын басқару жүйесі БСТ ISO 9001-2009  
талаптарына  
сәйкес келеді**



---

Өндіруші: "Видеотон" ЖШҚ, Ресей, 238210, Калининград обл., Гвардейский ауданы, Гвардейск қ.,  
Станционная к-сі, 6 үй